

## Үгіттік баспа материалдарын тегін орналастыруға арналған орындар белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Бейнеу аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 02 наурыздағы № 38 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 наурызда № 2627 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 254 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 14.09.2020 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28-бабының 6-тармағына , "Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы" 2015 жылғы 25 ақпандағы № 1018 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Бейнеу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентігіне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын тегін орналастыруға арналған орындар белгіленсін.

2. Бейнеу ауданының ауыл, село, ауылдық, селолық округ әкімдеріне 2015 жылғы 26 наурызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Президентігіне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын тегін орналастыруға арналған орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарактандыру тапсырылсын.

3. "Бейнеу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Ү.Әмірханова) осы қаулының "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, аудандық әкімдіктің интернет – ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалысын бақылау Бейнеу ауданы әкімінің орынбасары К.Машырықовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Бейнеу аудандық сайлау  
комиссиясының төрайымы  
Аймағамбет Күләнда  
02 наурыз 2015 жыл

2015 жылғы 2 наурыздағы № 38  
Бейнеу ауданының әкімдігінің  
қаулысына қосымша

### **Үгіттік баспа материалдарын тегін орналастыруға арналған орындар**

Бейнеу селосы - халықтық банк филиалы мен орталық аудандық аурухана ғимараттарының жанында

Боранқұл селосы - орталық базардың және селолық мәдениет үйінің ғимаратының жанында

Есет селосы - селолық клуб ғимаратының жанында

Ақжігіт селосы - селолық округ әкімі аппараты орналасқан ғимараттың жанында

Сарға селосы - селолық мәдениет үйінің ғимаратының жанында

Тұрыш ауылы - ауылдық клуб ғимаратының жанында

Сыңғырлау селосы - селолық клуб ғимаратының жанында

Сам селосы - селолық пошта бөлімшесінің ғимаратының жанында

Төлеп селосы - селолық клуб ғимаратының жанында

Ноғайты селосы - селолық медициналық пункт ғимаратының жанында

Тәжен ауылы - ауылдық медициналық пункт ғимаратының жанында